

## Резюме

В данной статье автор рассматривает развитие эстетического воспитания студентов посредством национального искусства. Автор считает, что потенциальные возможности национального изобразительного искусства являются основным средством развития эстетического воспитания студентов.

## Summary

In given article the author considers problems of aesthetic education of students on the basis of national art. The author considers potential possibilities of the national fine arts as basic means of aesthetic education of students in the course of training.

## **ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ПӘНІНДЕ КӨРІНІС ТАБУЫ**

**Ж.Айнақұлов -**

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Магистратура және PhD докторантура  
институтының «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының  
2-ші курс магистранты*

XXI ғасырда барлық елдер бірінші орынға білім беру сапасын қояды. Оның өлшемі тек сауаттылық деңгейі мен өлшенбейді. Бұл проблемаларды шешуде жаңа технологиялардың атқаратын орны бөлек. Болашақта өркениетті елдердің жоғары білім беру технологиясын меңгеру дүние жүзілік білім кеңістігіне шығу – бүгінгі күннің мақсаты.

Пәнаралық байланыс – түрлі оқу пәндерінің арасындағы өзара байланысын айқындау шарты және білім берумен оқыту талаптарының бірі. Пәнаралық байланыстың қажеттігі дүниенің бірлігін бейнелейтін ғылыми білімдер мен сенімдер жүйесін қалыптастыру міндеттерінен туындайды. Ол оқу пәндерінің топтары деңгейінде табиғаттың, қоғамның, адамдардың өзара әрекеті жөніндегі жетекші және жалпылама қағидаларды қамтиды. Оқу пәндерінде қарастырылатын аталмыш қағидалар оларды білім беру мазмұнының біртұтас жүйесіне біріктіреді. Бұл жерде пәнаралық байланыстың дүниетанымдық қызметі маңызды рөл атқарады. Пәнаралық байланыс негізінде білімдер жүйеге келтіріледі, олардың беріктігі қамтамасыз етіледі. Пәнаралық байланыс бірқатар оқу пәндеріне ортақ негізгі қағидалар, ұғымдар, деректер, ғылыми таным әдістері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етеді.

Пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында оқу материалының қайталанбауы, тиімді орналасуы, оқытушылардың бірлесе жұмыс істеуі сияқты бірқатар педагогикалық ұйымдастыру мәселелері шешіледі. «Бейнелеу өнері» пәнін оқушыларға оқыту барысында пәнаралық байланысты үнемі ескеріп отыру қажет. Пәнаралық байланыс білім, білік

және дағдының тұтас жүйесінің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді, оқушылардың әр түрлі пәндерден алған білімін орынды қолдана білуіне көмектеседі.

Сонымен, пәнаралық байланыстың ең негізгі дидактикалық міндеті – оқыту үрдісінің білімдік, тәрбиелік, дамытушылық сипаты арасындағы байланысты құру.

*Пәнаралық байланыстың маңызына мыналар жатады:*

1. Оқу пәндері арасындағы өзара байланыстың дамуына жағдай туғызады.

2. Ғылыми дүниетанымның қалыптасуы мен білім мазмұнының барлық құрамды бөліктерінің байланысын талап етеді.

3. Пәнаралық байланыс жан – жақты білім мен тәрбие беру жүйесінің барлық салаларын кешенді жүзеге асыруға ықпал жасайды.

4. Пәнаралық байланыс педагогикалық әрекеттің ғылыми негізде тиімді ұйымдастырылуына көмектеседі.

Оқушыларға тиянақты білім берудегі сол бұрынғы білімнің бір – бірімен байланыстылығын философтар да ерекше атап көрсеткен. Мұғалімнің көздейтін басты мақсаты оқушыларға берілетін ғылыми білім негіздерінің бірлігін, пәнаралық байланысын сақтап отыру. Пәнаралық байланыс кезінде оқушылардың ойының тиянақталуына, қиялдануына, ұғымды меңгеруге, ойда сақтау мүмкіндіктерін арттыруға жағдай жасалады. Бастауыш сыныптардағы оқушылардың шығармашылық тұлғасын қалыптасыруда білім мазмұнының тиімділігі, оқытудың тиімді әдістерін іздестіру жолдары пәнаралық байланысты күшейтуге себебін тигізеді. Қазіргі кездегі білім беру ғылымның, мәдениеттің, ғылыми техникалық прогрестің даму деңгейіне сай болуы қажет. Білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланыс, өндіріспен қоғамдық дамудың жанару барысына тікелей ықпал жасайды. Осыған байланысты қазіргі күрделі қайта жаңғыру кезінде бастауыш мектептегі оқыту процесінде пәнаралық байланыс ерекше педагогикалық маңызды мәнге ие болуда.

Пәнаралық байланыстың педагогика ғылымында қалыптасқан идеяларының өзіндік даму тарихында Батыс Еуропадағы педагогикалық идеялар мен тұжырымдардың бастауында атақты педагогтар Я.А.Коменский, Д.Ж.Локк, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци, И.Ф.Герbart пәнаралық байланысты педагогикалық ғылымының күрделі мәселелеріне жатқызды. Олар жас буынға, келешек ұрпаққа білім беруге табиғат құбылыстарының өзара байланысы жөніндегі көзқарастарын, дүниетанымын дұрыс қалыптастыру керек екендігіне баса назар аударған.

**Пәнаралық байланыс** – түрлі оқу пәндерінің арасындағы өзара байланысын айқындау шарты және білім берумен оқыту талаптарының бірі. Әлемнің бірлігін бейнелейтін ғылыми білімдер мен сенімдер жүйесін қалыптастыру міндеттерінің шартынан пәнаралық байланыс қажеттігі туындайды. Оқу пәндерінде қарастырылатын табиғат, қоғам, адамдардың өзара әрекеті жөніндегі негіздер олардың білім беру мазмұнының біртұтас

жүйесін біріктіреді. Осы арада пәнаралық байланыстың дүниеге көзқарас қызметі өте маңызды және шешуші рөл атқарады. Дүниеге көзқарас дегеніміз – адамдардың, жеке адамдардың іс - әрекетіне терең әсер ететін әлем және оның даму заңдылықтары жөнінде табиғат және қоғам құбылыстары мен барыстары жөнінде біртұтас тиянақты көзқарастар жүйесі. Дүниенің өзі микро, макро, мега жүйелерді құрайтын бір – бірімен көп салалы байланыста болатын объектілермен құрылыстардың жиынтығы болса, дүние танымның негізі дүние туралы белгілі бір білімдердің жиынтығы кіреді. Дүниетаным әр түрлі білімдерді игеру барысында, сонымен бірге күнделікті көзқарастарды санада түю нәтижесінде қалыптасады.

Әлемдік білім беру кеңістігіне енуде педагогика теориясымен оқу – тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістер мен байланысты: білім берудің парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас басқаша қарым – қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда. Педагогикалық технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның роліне мән беруде оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық – педагогикалы бағыттағы негізгі ой тұжырымдары былайша сипатталады:

- есте сақтауға негізделген оқып білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып ақыл ойды дамытатын оқуға көшу;

- білімнің статистикалық үлгісінен ақыл – ойы әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;

- оқушыларға білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту.

Бұл бағытта білім берудің әр түрлі нұсқаудағы мазмұнын, құрылымы ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әр–түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай тандап, тәжірибеде сынып қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан – жақты маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияның меңгеру мұғалімнің интеллектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами келбетін қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Педагогикалық технологияларды мәнділігіне, қолданылуына, ұйымдастырылуына қарай бірнеше топтарға бөледі. Қолдану деңгейіне қарай (жалпы педагогикалық, пәндік, жеке әдістемелік, модульдық) психикалық дамудың жетекші факторына қарай (биогендік, социогендік, идеалистік қабылдау концепциясы бойынша (ассоциацивтік – рефлексорлық, дамытушы т.б.) Қазіргі кездегі әдебиеттерде 50 - ден астам педагогикалық технология қолданып жүр. Ал, енді пәнаралық байланыстағы жалпы және жоғарғы оқу орнындағы қоғамдық-саяси сабақтарында қарастырып көрелік. “Қазақстан Республикасының тарихы” пәні бұл жерде тақырыбымызға байланысты оқушыларды еліміздің мәдени қазыналарына өте үлкен көңіл бөлуіне тарту керек. Тарихтағы қазба байлықтардың ерекшеліктеріне, қазақтың қолөнер бұйымдарының технологиясы басқа

мемлекет мәдениетімен ұқсастығы, тұрмыстық-кәсіби шаруашылықтарының ортақтастығы, солардың ішінде жалпы Қазақ киімдерінің қазынасы, киімдердің ерекшеліктері, оның әлемдік мәдениеттегі алатын орны т.б. Оқушыларды еңбекке баули отырып кәсіптік бағыттағы шеберлерге, олардың тұрмыстық әл ауқатына көңіл бөлдіруге бейімдеу қажет. Технология сабағында берілген тапсырманы сауатты орындау үшін келесі пәнаралық байланыстарды оқушыларға неғұрлым қалыптастыру керек, олар:

“*Философия тарихы*” пәні жалпы кәсіптікке негіз бола отырып арнаулы бағыт жолдайды. Соның ішінде педагогикалық-этнопедагогикалық байланыстарды айқындай отырып сыртқы сезімді сұрыптап, ішкі сезімге нақтылы заңдылықтар бағыттайды. Бұл пәннің категориясы мен заңдылықтарының диалектикасы жәй бейімдеу емес, нақтылы педагогикалық тұжырымды білдіреді.

“*Экономика теориясы*” пәні “жалпы еңбекте орасан орын алатыны анық. Ол болашақ шебердің іскерлігі мен біліктілігін бір жүйеге келтіре отырып шикі заттарды қалай, қай жағына тиімді, үнемі пайдалану жолдарын қарастыратын пән. Сондай-ақ өнімнің сұраныс, тұтынушылардың әл-ауқатына сәйкестендіреді және арзандату процесімен әдемілігін, өнімнің өтімділігін жоспарлайды. Бұл сабақта қандай да болмасын өнімнің шығу ерекшеліктеріне, олардың оңай әрі тез жасалынатын құпияларына оқушыларды баули отырып, қазіргі нарықтық экономиканың негіздеріне көңіл бөлдіру керек. Киім бұйымдарындағы ұлттық Қолөнерді қамтитын, қазіргі тұтынушыларға қажеттігін ескере отырып, арнаулы шеберханаларды қалай үнемді ұйымдастыру, мектептегі оқушыларды қалай баулу, тіпті шығарған өнімдеріне ақы төлеу жолдарын теориялық негізінде жеткізе білу қажет. Сонда ғана оқушыларды күнделікті қажетті киім және т.б. қолөнер бұйымдарын жасауға дайындық процесін сауатты ұйымдастыра аламыз. Оқушыларды қазақтың қолөнер бұйымдарын жасауға дайындау процесінде қол өнер бағытында “Мәдениеттану”, “Саясаттану”, “Қазақстанның қазіргі саяси өмірі”, “Жалпы психология”, “Жалпы педагогика пәндерін үйрету әдістемесі” пәндерімен тығыз байланыстырып отыру керек. Сондай-ақ өзін-өзі оқыту жүйесіндегі әдебиеттерге, оқулықтарға, газет-журналдардағы қолөнер бағытындағы мақалаларды оқытуды мақсат ету қажет.

1. Коменский Я.А. *Избранные педагогические сочинения.* – М., 1955. - С. 287.
2. Әкімбаева Ғ. *Пәнаралық байланыс. //Бастауыш мектеп.* – 1996. - №3.
3. Песталоцци И.Г. *Избранные педагогические произведения.* – М.: Издательство АПН РСФСР, 1963. – 175 с.
4. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. *Педагогика.* - Алматы, 2000.
5. Гомелева О.В. *Межпредметные связи в формировании коммуникативных умений //Педагогика.* – 2001. - № 4. – С. 14 -19.

### Резюме

В данной статье дается понятие межпредметной связи и рассматриваются некоторые вопросы использования межпредметных связей в изобразительном искусстве, а также подчеркивается их значимость в деле образования и воспитания подрастающего поколения.

### Summary

In given article the concept of intersubject communication is given and some questions use of intersubject communications in the fine arts, their essence and the importance in formation and education business generations are considered.